



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. Алдамұратов Ә. Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы. – Алматы: Мектеп, 1983.
3. Жігітбекова Б.Р. Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекеттің мотивациялы-мағыналық компоненттерінің дамуы. – Алматы, 2003. – 43 б.
4. Орманова З. Мектеп оқуына дайындау психологиясы. –Алматы: Дарын, 2005. –184 б.
5. Крылов А. Психология. - М.: Проспект, 2001 – 584 б.

ӘОЖ 159.9

БАҚЫТ ҰҒЫМЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯДА ЗЕРТТЕЛІНУІ

Жақсылықова Мадина

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ психология мамандығының 2 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге сүйенсек, бақыттылық күйі сенімділік, өзін-өзі қадірлеу, ар-намыс сияқты адамның өте маңызды қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Екінші жағынан, өз кемшілігін сезіну, өзіндік сенімділіктің болмауы жастардың бойында қатыгездік тудырады. Т. Шибутани әлеуметтік бақыттылықтың негізі өзіндік «Мен» сезімінің құндылығын сақтап, арттырудың «негізгі өмірлік қажеттіліктердің бірі» екенін айтады [2]. Осыған орай заманауи білім беру мекемелерінің алдында тұрған басты міндет – білім алушылардың әлеуметтік бақыттылығын қамтамасыз етіп, сол үшін қолайлы әрі толыққанды жағдай жасау.

Ғылыми әдебиеттерді талдау кезінде әлеуметтік бақыттылықты жеке адамның әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі нәтижесінде қоғам үшін объективті маңыздылығы бар, жеке тұлғаның бойында қалыптасқан қызығушылықтар мен қабілеттеріне сәйкес келетін, оны әлеуметтік ықпалға бөлеп, жеке тұлға ретінде қанағаттандыратын әлеуметтік мәртебе мен рөлдерге ие болуы деп түсінуге болады. Бұл түсінік негізінен әлеуметтік бақыттылықтың сыртқы көрінісін бекітіп, адамның әлеуметтік өзара әрекеттестікте қол жеткізген жетістіктерінің қорытындылау сипаттамасы болып табылады. Сондықтан оның құрамында ішкі тұлғалық түйсік те болу керек. Мұндайда әлеуметтік бақыттылықты жағымды «Мен» тұжырымдамасына негізделген, жеке тұлғаның әлеуметтік толыққанды субъект ретінде әлеуметтік байланыстар мен қатынастар жүйесіне қатыстылығын көрсететін, тиімді әлеуметтену мен әлеуметтік маңызы бар мәртебеге қол жеткізуге жағдай жасайтын жеке тұлғаның тұрақты жай-күйі деуге болады. Міндетті түрде атап айтсақ, әлеуметтік бақыттылық адам өмірінің барлық кезеңдерінде маңызы зор. Бірақ мектеп жасында оның маңыздылығы арта түсіп, жоғары оқу орнында қалыптасады. Мектептегі бағалау жүйесі өсіп келе жатқан жеке тұлғаның әлеуметтік мүмкіндіктерінің өзіндік маңыздылығына оң бағытта да, теріс бағытта да айтарлықтай ықпал етеді. Білім алушының жеке тұлғасын оның оқу іс-әрекетіндегі жетістіктеріне ғана байланысты біржақты бағалау тұрақты қабілетсіздік сезімінің қалыптасуына әкелуі мүмкін. Тұлғаның басқа да іс-әрекеттерде өзін-өзі көрсетуін мектептегі бағаға теңестіру әлеуметтік кемтарлыққа себепші болуы мүмкін.

Ғалымдар әлеуметтік бақыттылық адамның сан алуан әлеуметтік байланыстар мен қатынастарға түсуі кезінде қол жеткізген бағасы дегенді білдіреді. Әлеуметтанушылар сияқты әлеуметтік қатынастарды «әлеуметтік мәртебедегі, өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндіктері мен тіршілік әрекетінің тәсілдеріндегі үйлестік немесе айырмашылық бойынша жеке адам мен кез келген ауқымдағы әлеумет арасындағы» қатынастар (Ю.Е. Волков) деп түсінетін болсақ, әлеуметтік бақыттылықты іс-әрекеттің маңызды болса да тек бір түрінде ғана қол жеткізген жетістіктермен анықтауға болмайтынын мойындау керек.

Гуманистік тұжырымдамалар енгізген адамның өзіндік құндылығын мойындау дегеніміз оның іс-әрекетте, қарым-қатынаста көрініс табуын құндылық деп танып, оның талпынысы мен жағымды жетістіктерінің маңыздылығын мойындау.

«Бақыт» ұғымының күрделі әрі бірнеше мәні бар екенін білдік. С.И. Ожеговтің сөздігінде «бақыт» сөзінің үш мағынасы бар: бір нәрсеге қол жеткізу сәттілігі, көпшіліктің ықыласына бөлену, еңбекте, оқуда және қоғамдық-пайдалы іс-әрекеттің басқа да түрлеріндегі жақсы нәтижелер [6]. Әлеуметтік-психологиялық көзқарас бойынша бақыт дегеніміз – айналадағылардың күткені мен жеке тұлғаның іс-әрекетінің нәтижесі арасындағы оңтайлы байланыс. Психологиялық көзқарас бойынша бақыт дегеніміз – жеке тұлғаның көздеген нәтижесі ойдағыдай немесе тіпті күткенінен де асып түскендіктен шаттық, қанағаттану күйіне бөлену. Осы жай-күйдің негізінде қанағаттанудың тұрақты сезімі, іс-әрекеттің жаңа айтарлықтай күшті түрткілері қалыптасып, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі құрметтеу деңгейі өзгеруі мүмкін.

Адам әлеуметтік тәжірибеге ие болу барысында бақытты сезініп, оған табанды еңбек арқасында қол жеткізеді. Н.Г. Крылова бақыттың бес факторы бар дейді, олар: - адамның өзіндік әлеуетті қабілеттеріне деген сенімі; -табанды еңбек ету; -ынтымақтастық; - міндеттердің күрделілігі; -нәтижеге қол жеткізу сәттілігі. Автор жастар көбінесе тек бірінші екі факторға ғана баса назар аударуы мүмкін деп жазады. Ал ұстаздар басқаларының болуын қамтамасыз ете алады.

Адамның бақыты туралы оның көздеген мақсатына қол жеткізу бақытын, сәттілігін мойындағанда сөз болады. Бұдан бақыттылық туралы әлеуметтік қасиет ретінде айтуға болады, өйткені бақыттылықты қоғамдық қағидаларға, құндылықтар мен әдет-ғұрыпқа сүйене отырып, өзге адамдар және адамның өзі бағалайды. Бақыттылықты жеке тұлғаның әлеуметтік өлшемі, адамның әлеуметтік мәртебесінің ерекше көрсеткіші деп атауға болады. Сонымен, «Бақыт» ұғымының екі мағынасы бар. Біріншіден, күнделікті негізгі құндылықтарда бақытқа жету (мансап, ақша, пәтер, көлік, саяжай т.б.). Екіншіден, бақыт дегеніміз адамның өз алдына қойған нағыз мақсатқа жетуі. Сыртқы жеңістердің барлығы тек заттар ғана. Бақытты адамның белгілері қандай? Ғалымдардың пікірінше, біреулердің күштеп емес (мысалы, сән үлгілерінің, қызметтестердің сенен күткені т.б.), өз бетінше алдына қойған мақсатына қол жеткізуді нағыз бақыт деп атауға болады. Аса бақытты адамдар арасында да (мысалы, олимпиадада) бірі артық, бірі кем болуы мүмкін. Әрбір адамның өзіндік бақыттылық өлшемдері бар, ең маңыздысы адам өз жетістіктеріне баға бергенде өзінің мүмкіндіктерін, өзінің орындайтын әлеуметтік қызметінің объективті қажеттілігін, өзін қоршаған адамдарға қаншалықты маңызды екенін ескеру қажет.

Аргайл бөліп көрсеткен ең маңызды факторлардың бірі, оң эмоциялар, олардың жиілігі мен қарқындылығы және жеке тұлға тәжірибесі.

1976 жылы Эндрюс субъективті әл-ауқатты құрайтын үш компоненттерді жазады: өмірді қанағаттандыру, жағымды эмоциялар және теріс эмоциялар.

Соңғы жылдардағы «бақыт» тұжырымдамасын зерттеуде М. Seligman позитивті психология шеңберінде қарастырады. Оның айтуы бойынша үміт, сүйіспеншілік пен сенім – басты шарттар.

Утилитаризмнің негізін қалаушы И.Бентам ізгілік пайдаға қарсы тұрмайды, өйткені мүдделер әр түрлі, ізгілік үлкен мүдде үшін кіші мүддені құрбан етуді білдіреді деп санайды (Изб. соч., т. 1, 21-бет). Утилитаризмнің негізгі құндылықтарын мынадай афоризмдер (қанатты сөздер) арқылы аңғаруға болады: «Табысқа ұмтыл», «Өз мүддеңнен шыға отырып, барлығынан пайда тап», «Мақсатқа жетуде тиімді құралдарды қолдан». Мұндай адамның бойында тартымды қасиеттер болады: мақсаткерлік және тәуекелшілдік, тәуелсіздік, батылдық, үнемшілдік, тәртіптілік және т.б. Егер пайданы өзімшілдікпен араластырмаса, онда пайда принципі жеке мүдделер үйлесімділігінің маңызды тетігі ретінде көрінеді, жалпы игілікке жақындатады.

Маңызды фелицитарлық шығармалар қатарына төмендегілер жатады: Аристотельдің «Никомах этикасы», Сенеканың «Бақытты өмір туралы», Ф.Аквинскийдің «Бақыт туралы

трактаты», Боэцийдің «Философиялық жұбанышы», Августиннің «Бақытты өмірі», Гельвецийдің «Бақыт» поэмасы, Л.Фейербахтың «Эвдемонизмі», Дж.С.Милльдің «Еркіндік туралы», Э.Фроммның «Өзің үшін адам», В.Татаркевичтің «Адамның бақыты» және т.б. Этика тарихындағы бұл шығармалар бір тақырып төңірегінде жазылғанымен, алуан түрлі көзқарастарды ұстанады.

В.Татаркевичтің пікірінше адамдар бақытты әрқалай түсінеді. Бұқаралық санада ең кеңінен таралғаны: бақыт - бұл сәттілік, кездейсоқтық, бізге бағынбайтын тағдыр («бақыт құсы»). Екіншісі, бақыт — өмірден қанағат, ләззат алу, қуаныш. Үшіншісі, бақыт — бұл жоғары игілік пен ізгілікке ие болу. Және, ақырғы төртіншісі, бақыт — бұл ләззат алу мелшері де емес, бір сәттік қуаныш та емес, сыртқы игіліктерге ие болу да емес, ол бүтіндей өмірден толық, ұзақ қанағат алу, болмыстың құпия мәніне ие болу. Осы соңғысы көңілге қонымды секілді. Бірақ ол да «бақыт формуласын» толығымен ашпайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Психология счастья и оптимизма. – М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2013. – 168 С (Достижения в психологии)
2. Аргайл М. Психология счастья. 2-ое изд. СПб.: Питер, 2003
3. Селигман М. Новые позитивная психология. М, 2006

УДК.616.89 – 008. 19 – 003.96

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ ВЛИЯЮЩИЕ НА ФОРМИРОВАНИЯ НЕРВНОЙ АНОРЕКСИИ

Зайниддинов Алижон Ахмеджон угли, Ражабов Дониёрбек Бахтиёр угли
super_xakker_007@mail.ru

студенты 3 курса медико - педагогического факультета,
Ташкентская медицинская академии, Ташкент, Узбекистан
Научный руководитель - Б. М.Умаров

В его время нервная анорексия еще была неизвестна, в качестве отдельного заболевания ее выделили лишь в начале XX века. Однако еще Авиценна в 1155 г. привел случай излечения юноши, состояние которого очень напоминало нервную анорексию. В 1689 г. Р. Мортон описал под названием «нервная чахотка» заболевание восемнадцатилетней девушки, у которой сначала наблюдалось подавленное настроение, затем пропал аппетит, а потом больная стала вызывать у себя рвоту и перестала следить за своим внешним видом. Финалом заболевания была крайняя степень истощения и затем смерть.

Название расстройства противоречит его сущности: как правило, аппетит исчезает только на поздней его стадии, типичной для больных является как раз всепоглощающая страсть к еде, указывающая на единый механизм анорексии и булимии как двух форм пищевой зависимости. Классическую триаду симптомов нервной анорексии составляют аменорея, искажение образа тела и энергичная борьба за худобу. Различают два типа анорексии. При «ограничительном» типе у больных не происходит регулярных приступов «обжорства» или они не прибегают к методам принудительного «очищения». При «очистительном» (булимическом) типе у больных регулярно происходят приступы «обжорства», они используют методы принудительного самоочищения; у них чаще наблюдаются клептомания, алкоголизация и наркотизация. Сельвини Палаццоли рассматривает анорексию как моно симптоматический психоз, который характеризуется убежденностью больного в том, что его собственное тело должно быть уничтожено путем отвергания всех оральных устремлений. Она считает данное заболевание семейным и описывает «аноректическую семью», обладающую следующими характеристиками: